


Дәрігердің кәсіби мәдениеті мен әдебі



■ Жоспар

■ Кіріспе

■ Негізгі бөлім

- Дәрігердің негізгі міндеттері.
- Дәрігердің біліктілігі мен қабілеттілігі, әдебі.
- Дәрігердің медициналық мінезі.
- Дәрігердің науқаспен дұрыс қарым-қатынас орнатуы.
- Дәрігерге қойылатын талаптар.
- б) Қазіргі дәрігердің көрінісі

■ Әдебиеттер

- Дәрігер бүркіт көзді, жылан мінезді, арыстан жүректі болуға міндетті

Ибн- Сина

- **Этика** - \Аристотель\ адамгершіліктік мораль мен құлықтылық туралы ғылым. Медицина қызметкерлерінен сезімталдық, ықыластылық, қайырымдылық, ақпейілділік, мейірімділік, қамқоршылық және жоғары кәсіби мәдениеттілік сияқты адамгершілік қасиеттер талап етіледі.
- **Кәсіби мәдениет** – науқас пен дәрігердің, медицина қызметкерлерінің өзара қарым – қатынастарында кәсіби және рухани құндылықтарын дұрыс пайдалана білуі.

Медицина қызметкерлерінің міндеттері:

- медициналық қызмет көрсету, азаматтардың денсаулығын нығайтуға және аурудың алдын алуға үлес қосу;
- шұғыл жағдайда тұрғындарға жедел медициналық жәрдем көрсету;
- халық арасында медициналық біліктілікті және салауатты өмір салтын насихаттау;
- кәсіби этика талаптарын, дәрігерлік құпияны сақтау, ауру жайында, азаматтардың жеке қарым – қатынасы және жанұялық тіршілігі туралы мәліметтерді таратпау;
- кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отыру;

- ***Науқаспен қарым – қатынас жасау ережелерін сақтау:***
- Науқасқа көбірек көңіл бөлу, оны сабырландыра білу, тәртіпті сақтаудың, дәрілерді үнемі қабылдаудың қажеттілігін ұғындыра білу, сауығуының немесе жағдайының жақсаруының мүмкіндігіне сендіру, кейбір науқастарға нақты диагнозын дұрыс, психологиялық күйзеліске түсірмей айта білу.



- *Дәрігердің кәсіби мәдениеті мен әдебінің медициналық практикадағы маңызы:*
- науқастың вербальдық және вербальдық емес белгілеріне зейінді назар аудара отырып, пайдалы клиникалық ақпаратты алуға;
- эффективті диагностика жүргізуге;
- науқастың емді қабылдауда белсенділігін арттыруға;
- науқасқа адекватты медициналық ақпарат беруге;
- науқастың жеке психосоматикалық потенциалын жоғарылатуға;
- науқастың ауруға қатынасын анықтауға;
- науқастың емделуге оң көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

-
- **Дәрігердің негізгі міндеті** – ол ауру адамды науқасынан айықтыру, оның қал-жағдайын жақсарту, аурудан сақтап, оның алдын алу жақтарымен шұғылдану болып табылады. Міне осы міндеттерді шұғылдану барысында дәрігермен ауру адамның арасында күрделі қарым-қатынас туады. Осы қарым-қатынастың дұрыс өзекке түсуі үшін дәрігер бойында көптеген жақсы қасиеттердің болуы өте қажет. Бұл қасиеттердің бәрін бір сөзбен сипаттасақ, жақсы дәрігерде маманына сәйкес «медициналық» мінез қалыптасуы керек.

Медициналық мінез деген не, ол қандай қасиеттерден тұрмасын дәрігердің бойындағы тұрақты қасиет болуы қажет.

Әрине, мамандық білімін жетілдіру қай салада болмасын керекті жәйт, бірақ дәрігерлік қызметте оның маңызы ерекше. Өйткені, біріншіден сіздің мамандығыңыз адамның денсаулығын және өмірімен тікелей байланысты, ал бұл өмірде олардан артатын байлық жоқ екені белгілі. Ол аксиома. Екіншіден, басқа салалардан гөрі медицинада болатын өзгерістер мен жаңалықтар, жоғарыда айтылғандай, жиі болып тұрады. Сондықтан өз қызметінің жоғарғы шыңына жетемін деген үміті бар әр дәрігердің өзінің мамандығы бойынша жарыққа шыққан жаңа әдебиет сөздерін жақсылап оқып, өз саласында болып жатқан емдеу немесе диагностика жаңалықтарын өзінің күнделікті тәжірибесінде кеңінен қолданып отыруы керек.

Медицинада әрбір ауру адам өзінше бір жұмбақ, міне медицина Ғылымы мен тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін қолданып, жақсы нәтижелерге жетуге көп көмегін тигізеді. Өйткені, белгілі ғалым Л. А. Ленинский деректеріне сүйенбек болсақ, клиникалық медицинадағы жаңалықтар әр 3-5 жылда жаңарып тұрады.



■ Коммуникативті потенциал-

■ бұл екі адамның немесе жеке бір адамның қарым-қатынасын анықтайды. Оған мыналарды жатқызуға болады: дәрігердің шығармашылық ойлауы, сөйлесу мәдениеті, жесттер мен қимыл әрекеттері, көңіл-күй т.б. жатады. Дәрігердің коммуниктивті мәдениеттілігі ол да коммуникативті компотентілігі сияқты. Оның негізгі құрамына дәрігердің сөйлесе білу мәнері кіреді. Осы коммуникативті мәдениеттіліктің дамуына – ұлт мәдениеті, білім, қарым-қатынас, яғни қолданылып жүрген мәдени халықтық сөздер, науқастың сөздерін қабылдай алу процестері жатады.



Дәрігердің пациентпен және оның туыстарымен қарым-қатынасын қарастырсақ. Дәрігер науқасты ең алдымен жылы –шырайлы жүзбен қабылдауы тиіс. Науқасқа дәрі-дәрмек жазып бермес бұрын науқастың бұл препараттарға деген қарсы әсері бар ма, жоқ па екенін білуі қажет. Одан әрі процедуралық емдеу ісін жүргізуге болады. Әрбір сауатты дәрігер өз пациентінің қандай деңгейде қиналып немесе стресс жағдайында екендігін қорытындылауы керек. Қысқаша айтқанда, кеңес беруші өзінің алғашқы кездесулерінде қолданылатын іс-әрекеттің нәтижесінде ғана пациенттің өмірі қаншалықты өзгереді, қалыптасқан жағдайда өзгерме, мәселенің баламалық шешімдері мүмкін бе, дегендерді бағалап алу керек. Дәрігер алдына келген пациент өз ауруы жайлы толық айтып бере алуы керек. Бұл бір жағынан дәрігердің қабілеттілігіне байланысты. Дәрігерлердің осы қабілеттілігіне байланысты екі түрге бөлуге болады

- **Информативті дәрігер** – науқасқа не керек екендігін немесе не істеу керек екендігін ғана үйретеді. Ол бұл жерде психологтың рөлінде болады. Ал пациент, ол дәрігердің ойысыз ешнәрсе қабылдай алмайды.
- **Интерпресивті дәрігер** – науқасқа консультация беріп көмектеседі, ал науқас шешімді өзі қабылдайды. Дәрігерге келген науқас - өзінің жан дүниесіндегі аурудың бәрін сыртқа шығарып, өзіне ем іздеп келеді. Ал дәрігер сол науқастың барлық ауыртпалығын өзі сезініп, оған көмек беруге тырысады. Кейбір пациенттер дәрігер берген емнен бас тартады.



- **Қазіргі дәрігердің көрінісі**
- **А.П. Чехов** былай деп жазған екен: «**Дәрігердің ақыл – ойы ашық, адамгершілік жағынан таза, физикалық жағынан ұқыпты болуы керек**». Осы тура айтылған ұғымды ашып қарасақ, дәрігердің білімі, тәжірибесі мен жоғары сапалы қызметіне деонтологиялық қырағылық (сақтық) қатарлас болуы қажет. Ауру адамға көмектесуде, аурудың аяғы құтты болатынына сендіру негізіндегі әңгімелерде, прогностикалық қорытындылар мен кеңес беруде сөз арқылы ауру адамға зиян келтірмеу үшін өте сақ болу керек. Дәрігерлік практика дәрігерге медико - психологиялық баға беруде көп мәлімет береді.

- Медициналық мінезді сипаттайтын келесі бір қасиет ол дәрігердің мамандық білімінің деңгейінің көрсеткіші. Жақсы дәрігер құрметіне жету үшін сіз өз мамандығыңыздың сырларын толық түсінуіңізді көздеуіңіз керек. Ол үшін өзіңіздің мамандық біліміңізді, сауаттылығыңызды жалпы біліміңізді толықты түрде толықтырып, жетілдіріп отыруыңыз өте қажет. Бұл сізге өзіңізді емделіп жүрген ауру адамдарға сол жұмбақтың дұрыс шешімін табу үшін көп оқып, көп білуі керек

- Дәрігердің кәсіби қызметі ауру адаммен байланысты. Оның ерекше қиындығы тек тірі ағзаны құрайтын биологиялық жүйенің ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар ең басты қоғамдық байланыстың әртүрлі болуы мен арнайы адамның индивидуалдығы, қайталанбас психологиялық көрінісін құрайтын тәуелділікке байланысты (отбасында, оқу орнында, құрылыста, қоғамдық ұйымдарда, достар арасында және т.б.). Сау адамға қарағанда ауру адамның келбеті өзгереді және ауру тудыратын ерекшеліктерімен толықтырылады. Сондықтан да дәрігер тек медик - маман ғана емес, сонымен бірге азамат, қоғамдық қызметкер, ол тек қана медицинада емес, сол сияқты мемлекеттің барлық сұрақтарынан жан – жақты білімді болуы керек.

- Ис - әрекет қоғамдық - тарихи категория. Шынында да, қалаған жеке іс - әрекет қоғам қызметімен тығыз байланыста, әрбір тұлға – басқа адамдармен қарым – қатынаста. Жеке іс - әрекет қоғамдық іс - әрекеттің тетігі, нақты көріністегі бөлігі ретінде қарастырылады. Қоғамдық байланыстар мен қатынастардан тыс жеке, дара іс - әрекет жасалмайды. Жеке әрекет қоғамдық іс - әрекеттің құрылымды бөлігі болғандықтан, оны зерттеп талдау да осы жеке әрекеттің қоғам өміріндегі ролін білуден басталғаны жөн. Сондықтан жеке іс - әрекет белгілі қоғамның кезеңдік тарихи даму сатысындағы қалыптасқан нақты қоғамдық қатынастардан жүйесімен байланыстырыла зерттеуі керек. Дәрігердің саналы танылған және қабылданған қажеттілік әрекет қылықтың сеп түрткісіне (мотив) айналады.



- **Пайдаланылған әдебиеттер:**
- 1) А.Н.Карбасарский «Клиническая психология»
- 2) А.М.Құдиярова «Қарым-қатынас психологиясы»
- 3) А. Асимов, Нурмагамбетова «Коммуникативные навыки»

